



Қысқартылған жеке аралық қаржылық есептілік
(аудит жүргізілмеген)

30 қыркүйек 2017 жыл

Мазмұны

ЖЕКЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК

Қаржылық жағдай туралы жеке есеп.....	1
Пайда немесе шығын және өзге де жиынтық кіріс туралы жеке есеп.....	2
Капиталдағы өзгерістер туралы жеке есеп.....	3
Ақша қаражатының қозғалысы туралы жеке есеп.....	4

ЖЕКЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТУЛЕР:

1 Компания және оның операциялық қызметі	5
2 Қаржылық есептілікті дайындау негізі және есептік саясаттың маңызды ережелері	5
3 Есептік саясатта қолдану барысындағы маңызды есептік бағалаулар мен кәсіби ой-пікірлер	6
4 Байланысты тараптармен есеп айырысу және жүргізілген операциялар	12
4 Байланысты тараптармен есеп айырысу және жүргізілген операциялар (жалғасы)	13
5 Еншілес компанияларға және бірлескен кәсіпорындарға салған инвестициялар	14
6 Сатуға арналған активтер	16
7 Берілген қарыздар	16
7 Берілген қарыздар (жалғасы)	17
8 Басқа ұзақ мерзімді активтер	17
9 Өзге қысқа мерзімді активтер	17
10 Ақша қаражаты және олардың баламалары	18
11 Акционерлік капитал	18
12 Қарыздар	19
12 Қарыздар (Жалғасы)	20
13 Қаржылық кепілдіктер	21
14 Өзге де кредиторлық берешектер және есептелген міндеттемелер	21
15 Акционер алдындағы міндеттемелер	21
16 Дивидендтер бойынша табыстар	22
17 Жалпы және өкімшілік шығыстар	22
18 Қаржылық табыстар	23
19 Қаржылық шығыстар	23
20 Табыс салығы	23
21 Шартты және шарттық міндеттемелер мен операциялық тәуекелдер	23
22 Қаржы құралдарының әділ құны	23
23 Есептік кезеңнен кейінгі оқиғалар	25

«САМУРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ
Қаржылық жағдай туралы қысқартылған жөке аралық есеп

Қазақстан теңгесімен, мың	Ескертп е	30 қыркүйек 2017 ж. (аудит жүргізілмеген)	31 желтоқсан 2016 ж.
АКТИВТЕР			
Ұзақ мерзімді активтер			
Негізгі құралдар		346,239	620,644
Материалдық емес активтер		1,179,501	1,014,924
Еншілес компаниялар және бірлесіп қадағалайтын тәуелді ұйымдарға салынған инвестициялар	5	536,107,470	533,424,495
Берілген қарыздар	7	17,038,010	35,712,236
Басқа ұзақ мерзімді активтер	8	1,447,598	3,516,718
Барлық ұзақ мерзімді активтер		556,118,818	574,289,017
Қысқа мерзімді активтер			
Тауар-материалдық қорлар		15,383	22,397
Берілген қарыздар	7	10,046,271	14,511,037
Басқа қысқа мерзімді активтер	9	34,999,778	31,300,110
Ақша қаражаты және олардың баламалары	10	101,924,521	4,812,476
Сатуға арналған ұзақ мерзімді активтер	6	31,415,058	31,182,280
Барлық қысқа мерзімді активтер		178,401,011	81,828,300
БАРЛЫҚ АКТИВТЕР		734,519,829	656,117,317
КАПИТАЛ			
Акционерлік капитал	11	373,314,888	373,314,888
Басқа капитал резерві		91,668,501	91,668,501
Жабылмаған шығындар		(47,565,997)	(49,725,062)
БАРЛЫҚ КАПИТАЛ		417,417,392	415,258,327
МІНДЕТТЕМЕЛЕР			
Ұзақ мерзімді міндеттемелер			
Қарыздар	12	157,412,859	66,434,655
Ұзақ мерзімді қаржылық көпілдік	13	2,325,638	1,432,273
Барлық ұзақ мерзімді міндеттемелер		159,738,497	67,866,928
Қысқа мерзімді міндеттемелер			
Қарыздар	12	152,322,280	170,832,678
Өзге де кредиторлық берешек және есептелген міндеттемелер	14	3,808,362	907,798
Акционерлер алдындағы міндеттемелер	15	1,174,065	1,174,065
Өзге де төленетін салықтар		59,233	77,521
Барлық қысқа мерзімді міндеттемелер		157,363,940	172,992,062
БАРЛЫҚ МІНДЕТТЕМЕЛЕР		317,102,437	240,858,990
БАРЛЫҚ МІНДЕТТЕМЕЛЕР ЖӘНЕ КАПИТАЛ		734,519,829	656,117,317

Мақсұтов Қайрат Берікулы
Экономика және қаржы жөніндегі
басқарушы директор – басқарма мүшесі



Төлекова Сәуле Бекзадақызы
«Бухгалтерлік және Салық Есебі»
департаментінің директоры – Бас
бухгалтер

«САМҰРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ

Пайда немесе шығыс және басқа жиынтық табыс туралы қысқартылған жеке аралық есеп

		2017 ж. 30 қыркүйекте аяқталған 6 ай (аудит жүргізілмеген)	2016 ж. 30 қыркүйекте аяқталған 6 ай (аудит жүргізілмеген)	2017 ж. 30 қыркүйекте аяқталған 3 ай (аудит жүргізілмеген)	2016 ж. 30 қыркүйекте аяқталған 3 ай (аудит жүргізілмеген)
Қазақстан теңгесімен, мың	Ескерту				
Дивидендтер бойынша табыс	16	20,494,415	6,691,792	4,766,205	2,854,776
Басқа табыстар		384,445	15,582	262,084	11,928
Басқа шығындар		(134,330)	(144,756)	(81,579)	(6,009)
Жалпы және әкімшілік шығындар	17	(4,800,865)	(4,160,741)	(1,326,500)	(1,140,383)
Негізгі қызмет бойынша пайда		15,943,665	2,401,877	3,620,210	1,720,312
Қаржылық табыстар	18	4,285,741	9,938,872	1,296,192	2,856,448
Қаржылық шығындар	19	(11,083,559)	(15,467,970)	(3,390,565)	(4,554,656)
Бағам айырмашылығынан түскен пайда / (шығын), таза		(2,162,851)	2,145,852	(6,674,843)	1,427,886
Салық салынғанға дейінгі (шығын)/пайда		6,982,996	(981,369)	(5,149,006)	1,449,990
Табыс салығы бойынша шығындар	20	(119,036)	(231,888)	(38,894)	(76,742)
Кезең ішіндегі кіріс/ (залал)		6,863,960	(1,213,257)	(5,187,900)	1,373,248
Кезең ішіндегі барлық жиынтық кіріс/ (залал)		6,863,960	(1,213,257)	(5,187,900)	1,373,248

«САМУРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ
Капиталдағы өзгерістер туралы қысқартылған жеке аралық есеп

Қазақстан теңгесімен, мың	Ескер- ту	Акционерлік капитал	Өзге де резервтік капитал	Бөлінбеген пайда/ (Жабылма- ған шығын)	Барлық капитал
2016 ж. 1 қаңтардағы қалдық		355,650,405	91,668,501	(39,940,758)	407,378,148
Кезеңдегі шығын (аудит жүргізілмеген)		-	-	(1,213,257)	(1,213,257)
Кезеңдегі барлық жиынтық шығын (аудит жүргізілмеген)		-	-	(1,213,257)	(1,213,257)
Акционерлік капиталды арттыру		17,664,483	-	-	17,664,483
Дивидендтер		-	-	(2,041,000)	(2,041,000)
2016 ж. 30 қыркүйектегі қалдық (аудит жүргізілмеген)		373,314,888	91,668,501	(43,195,015))	421,788,374
2017 ж. 1 қаңтардағы қалдық		373,314,888	91,668,501	(49,725,062)	415,258,327
Кезеңдегі пайда (аудит жүргізілмеген)		-	-	6,863,960	6,863,960
Кезең ішіндегі барлық жиынтық кіріс (аудит жүргізілмеген)		-	-	6,863,960	6,863,960
Есептелген дивидендтер		-	-	(4,704,895)	(4,704,895)
2017 ж. 30 қыркүйектегі қалдық (аудит жүргізілмеген)		373,314,888	91,668,501	(47,565,997)	417,417,392

«САМҰРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ
Ақша қаражатының қозғалысы туралы жеке есеп

		30.09.2017ж. аяқталған 9 ай	30.09.2016ж. аяқталған 9 ай
(i) Қазақстан мың теңгеммен	Ескерту		
Операциялық қызмет бойынша ақша қаражатының қозғалысы:			
Ақша қаражатының түсуі, барлығы			
Алынған сыйақылыр		4,379,960	3,979,348
Басқа түсімдер		3,296,523	3,900,944
Ақша қаражатының істен шығуы, барлығы		1,083,437	78,404
Тауарлар мен қызметтер үшін жеткізушілерге берілетін төлемдер		(10,202,535)	(12,077,662)
Берілген аванстар		(1,456,878)	(1,172,201)
Еңбекақы бойынша төлемдер		(587,964)	(688,502)
Алынған қарыздар бойынша сыйақы төлеу		(1,425,770)	(1,304,538)
Қарыздық бағалы қағаздар бойынша сыйақы төлеу		(2,345,460)	(2,911,769)
Корпоративтік табыс салығы		(3,183,150)	(3,141,563)
Бюджетке төленетін басқа төлемдер		(119,035)	(231,888)
Өзге төлемдер		(250,972)	(224,498)
		(833,306)	(2,402,703)
Операциялық қызметте пайдаланылған таза ақша қаражаты		(5,822,575)	(8,098,314)
Инвестициялық қызмет бойынша ақша қаражатының қозғалысы			
Ақшалай қаражаттың түсімі, барлығы			
Алынған дивидендтер		60,605,118	44,706,017
Еншілес ұйымдарды сатқаннан алынған түсімдер		13,272,368	8,324,471
Қауымдастырылған ұйымдардағы қатысу үлестерін сатудан алынған түсімдер		2,580,000	154,717
Банктік салымдарды қайтару		-	2,194,110
Берілген қарыздарды өтеу		9,219,733	21,468,535
Эмитенттердің борышкерлік құралдарды өтеуден түскен түсімдері		12,770,130	6,413,508
Басқа түсімдер		22,762,887	6,150,676
Ақшалай қаражаттың істен шығуы, барлығы		(17,699,920)	(39,373,577)
Негізгі құралдар мен материалдық емес активтерді сатып алу		(111,847)	(123,852)
Еншілес компанияларға және бірлесіп қадағалайтын тәуелді ұйымдарға берілген қарыздар мен қаржылық көмек		(12,780,290)	(3,597,162)
Борышкерлік құралдарды сатып алу		-	(4,500,000)
Қауымдасқан ұйымдарда қатысу үлестерін сатып алу		-	(12,483,260)
Еншілес компаниялардың жарғылық капиталына қосылған үлес		(1,724,925)	(5,508,605)
Банктік салымдарды орналастыру		(3,082,858)	(13,160,414)
Өзге төлемдер		-	(284)
Инвестициялық қызметте пайдаланылған таза ақшалай қаражат		42,905,198	5,332,440
Қаржылық қызмет бойынша ақша қаражатының қозғалысы			
Ақшалай құралдардың түсімі, барлығы			
Акциялар эмиссиясынан түскен түсім		94,991,691	18,193,483
Банктік қарыздарды алу		-	17,664,483
Шығарылған облигациялар бойынша түсімдер		46,907,000	529,000
Ақшалай қаражаттың істен шығуы, барлығы		48,084,691	-
Самұрық-Қазынадан алған қарыздарды өтеу		(36,283,169)	(12,550,702)
Банктерден және басқа ұйымдардан алған қарыздарды өтеу		(2,381,109)	(2,381,109)
Акциянерлерге дивидендтер төлеу		(1,271,900)	(10,098,000)
Борышкерлік бағалы қағаздарды (облигацияларды) өтеу		(4,704,895)	-
Басқа төлемдер		(27,273,272)	-
		(651,993)	(71,593)
Қаржылық қызметтен алынған таза ақша қаражаты		58,708,522	5,642,781
Бағам айырмашылығының ақша қаражатына және олардың баламаларына өсері		1,320,900	437,321
Ақша қаражатының және олардың баламаларының таза (азаюы)/ артуы		97,112,045	3,314,228
Жыл басындағы ақша қаражаты және олардың баламалары		4,812,476	6,635,292
Кезеңнің соңындағы ақша қаражаты және оның баламалары		101,924,521	9,949,520

1 Компания және оның операциялық қызметі

«Самұрық-Энерго» АҚ (бұдан әрі - «Компания») 2007 жылғы 18 сәуірде құрылып, 2007 жылғы 10 мамырда тіркелген. Компания Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес акционерлік қоғам нысанында құрылған.

Компанияның жалғыз акционері «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ (бұдан әрі - «Самұрық-Қазына») болып табылады, оған Компанияның 100% акциясы тиесілі. Қазақстан Республикасының Үкіметі Компанияның соңғы бақылаушы иесі болып табылады.

Негізгі қызмет

Компания көмір, көмірсутек және су ресурстары негізінде электр және жылу энергиясын, жылы су өндіру, халық пен өндірістік кәсіпорындарға сату, электр энергиясын тасымалдау және желіде электр энергиясын техникалық тарату, су және жылу электр станцияларын салу, сондай-ақ су электр станцияларының мүлктік кешенін жалға беру қызметтерін жүзеге асыратын бірнеше компанияларды (7-ескерту) біріктіретін холдингтік компания болып табылады.

Компанияның мекенжайы және қызметін жүзеге асыратын орны: Қазақстан Республикасы, Астана қ., Қабанбай батыр даңғылы, 15А.

2 Қаржылық есептілікті дайындау негізі және есептік саясаттың маңызды ережелері

Қаржылық есепті дайындау негізі

2017 жылдың 30 қыркүйегінде аяқталған тоғыз айға арналған осы жеке қысқартылған аралық қаржылық есептілік өділ құны бойынша қаржылық құралдарды алғашқы танытуға түзетулер енгізе отырып, бастапқы құн бойынша бағалау қағидасымен қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарына (ҚЕХС) сәйкес дайындалды. Осы жеке қысқартылған аралық қаржылық есептілікті дайындау кезінде пайдаланылған есеп саясатының басты ережелері табыс салығының есебін қоспағанда, соңғы қаржы жылына арналған есептілікті дайындау кезінде пайдаланылған есеп саясаты ережелеріне сәйкес келеді. Осы жеке қысқартылған аралық қаржылық есептілік 2016 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша, ҚЕХС-ке сәйкес дайындалған Компанияның жылдық жеке қаржылық есебімен бірге қарастырылады. Осы жеке қысқартылған аралық қаржылық есепті дайындау кезінде пайдаланылған есеп саясаты қағидалары алдыңғы жеке қаржылық есептілікте қолданылған есеп саясаты қағидаларына сәйкес келеді.

Компания осы қысқартылған жеке аралық қаржылық есептілікті басшылыққа арнап дайындады.

Аралық кезең үшін табыс салығы бойынша шығындар толық қаржылық жылға болжанатын табыс салығына арнап есептелген орташа мөлшерлемеге негізделеді. ҚЕХС-ке сәйкес қаржылық есептілікті дайындау баға мен болжамды пайдалануды талап етеді. Сондай-ақ, ол да басшылықтан Компанияның есептік саясатын қолдану процесіндегі кәсіби пайымдауларды пайдалануды талап етеді.

Айырбастау курсы

2017 жылғы 30 қыркүйекте шетел валютасында көрсетілген қалдықты аудару үшін пайдаланылған айырбастау курсы 1 АҚШ доллары үшін 341,19 теңгені (2016 ж. 31 желтоқсан: 1 АҚШ доллары үшін 333,29 теңге).

Қазіргі уақытта теңге Қазақстан Республикасының шегінен тыс бос айырбасталатын валюта болып табылмайды.

Жаңа стандарттар мен түсіндірмелер

Жаңа және өзгертілген стандарттар мен түсіндірмелер олар күшіне енген күннен кейін алғашқы аралық қаржылық есептілікті дайындау кезінде қолданылуы тиіс. Осы аралықтағы кезеңге алғаш рет қолданылған жаңа ҚЕХС немесе түсіндірмелер арасында Компанияға, оның қаржылық есептілігіндегі көрсеткіштерді ұсынуға және операциялар мен қалдықтарды бағалауға маңызды ықпал ететіндері болған жоқ.

2017 жылғы 30 қыркүйектегі жағдай бойынша, жаңа стандарттар, стандарттарға қатысты өзгерістер мен түсіндірмелер күшіне енген жоқ. Аталған өзгертілген стандарттардың талаптары осы жеке қысқартылған аралық қаржылық есептілікті дайындау кезінде ескерілген жоқ. Компания аталған стандарттарды олар күшіне енген сәттен бастап қолдануды жоспарлап отыр. Қазіргі уақытта Компания өзінің қаржылық есептілігіне осы стандарттардың тигізген ықпалына талдау жасауды аяқтаған жоқ.

3 Есептік саясатта қолдану барысындағы маңызды есептік бағалаулар мен кәсіби ой-пікірлер

Жеке қысқартылған аралық қаржылық есептілікті дайындау кезінде Компания бағалауды қолданады және қолданылатын есеп саясатына ықпал етуге, активтер мен міндеттемелердің, кірістер мен шығыстардың есептілігінде көрсетуге жол береді. Нақты нәтижелер оларды бағалаудан ерекшеленуі мүмкін. Қолданылған негізгі есептік бағалаулар мен кәсіби пайымдаулар 2016 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылға арналған жеке жылдық қаржылық есептілікті дайындау барысында қолданылған есептік бағалаулар мен кәсіби пайымдауларға сәйкес келеді.

Үздіксіз қызмет қағидаты

Басшылық осы қысқартылған жеке аралық қаржылық есептілікті үздіксіздік қызмет қағидаты негізінде әзірледі. Басшылықтың шешімі Компанияның қаржылық ережесіне, оның ағымдағы ниеттеріне, операциялардың табыстылығына және қаржылық ресурстарға қолжетімділікке негізделеді. 2017 жылғы 30 қыркүйектегі жағдай бойынша, Компанияның ағымдағы жалпы міндеттері жалпы айналымдағы активтерден 10,377,987 мың теңгеге (6-ескертпеде көрсетілген сатуға арналған активтерді қоспағанда) асты. Қысқа мерзімді міндеттемелердің өсуі 2017 жылғы желтоқсан айында «Самұрық-Энерго» АҚ-ның еурооблигацияларды өтеу мерзіміне байланысты. 500 миллион АҚШ доллары немесе 161,274,000 мың теңге сомасындағы еурооблигациялар 2017 жылғы 30 қыркүйектегі қысқа мерзімді міндеттемелер ретінде жіктелді. Сонымен қатар, 2017 жылғы 30 қыркүйектегі жағдай бойынша, Балқаш жылу электр стансаның құрылысы туралы белгісіздік бар («Балқаш ЖЭС» параграфын қараңыз).

Компанияның өз қызметін жақын болашақта жалғастыру қабілетін бағалау кезінде мына факторлар қарастырылды:

- Компания Қазақстанның энергия жүйесінің сенімділігін қамтамасыз ету үшін стратегиялық маңызға ие.
- Компания еурооблигацияларды қайта қаржыландырудың және қайта құрылымдаудың барынша оңтайлы нұсқаларын әзірлеу үшін халықаралық сарапшыларды жалдады.
- 2016 жылғы 9 желтоқсанда Компания еурооблигацияларды қайта қаржыландыру үшін 100 миллион еуро немесе 35,242,000 мың теңге мөлшерінде ЕҚҚБ-мен кредиттік келісімге қол қойды.
- Компания 2017 жылы сатуға арналған активтерді сатудан 14,700,000 мың теңгеден аса табыс түседі деп болжайды.
- Компания 9,736,328 мың теңге сомасындағы дивидендтен түсетін ақша қаражатын күтуде.
- 2017 жылғы 9 айдың қорытындылары бойынша Компания еурооблигацияларды қайта қаржыландыру мақсатында 117,754,578 мың теңге сомасында (ЕДБ-дан алған қарыздық құралдары, жергілікті облигацияларды шығару, ЕТҰ-ның облигацияларын мерзімінен бұрын сатып алу) қаражаты тартуды жүзеге асырды.
- Еурооблигацияларды өтеу мерзімі 2017 жылғы желтоқсан айында, Компания қайта қаржыландыру және еурооблигациялар бойынша міндеттемелерді уақытылы өтеу үшін жеткілікті өтімділік деңгейін қамтамасыз ету жөніндегі жоспарланған барлық шараларды орындады.
- Компания басшылығы Топ Балқаш ЖЭС-ін салуды жалғастыру үшін қажетті қолдауға ие болады деп күтуде («Балқаш ЖЭС-ін салу» параграфын қараңыз).
- Компанияның басшылығы мен акционерлерінде Компанияның қызметін жою ниеті де, қажеттілігі де жоқ.

Осы қысқартылған жеке аралық қаржылық есептілікте операциялық қызметті жалғастыру мүмкін емес болған жағдайда қажет болған активтер мен міндеттемелердің теңгерімдік құнының, кірістер мен шығыстардың, сондай-ақ қаржылық жағдай туралы қысқартылған жеке аралық есеп жіктемесінің қандай да бір түзетулері жоқ, бұндай түзетулер маңызды болуы мүмкін.

Қаржылық емес активтердің құнсыздануы

Әрбір есептік кезеңнің соңында басшылық бөлек жекелеген активтердің немесе активтер топтарының құнсыздану белгілерінің болуын және гудвилден бөлек активтер немесе активтер тобы үшін алдыңғы кезеңдерде танылған құнсызданудан болған шығындарды бағалайды. Мұндай кез келген белгілер болған жағдайда басшылық активтің өтелетін құнын бағалайды, ол сатуға жұмсалған шығындарды шегергенде оның әділ құнының және оның пайдалану құндылығының жоғарғы мәні ретінде анықталады. Пайдалану құндылығын есептеу басшылық тарапынан және қалыптасқан жағдайға негізделген бағалау деректер мен кәсіби пайымдауларды қолдануды талап етеді.

3 Есеп саясатында қолдану кезіндегі маңызды есептік бағалаулар және кәсіби ой-пікірлер (жалғасы)

Қаржылық емес активтердің құнсыздану белгілерінің болуын анықтау да негізгі құралдар объектілерінің технологиялық ескіруін, қызметін тоқтатуын, олардың пайдалы қызметінің қалған мерзімін және пайдалану шартының басқа да өзгерістерін анықтауда пайымдаулар мен бағаларды қолдануды талап етеді.

ХБЕС (IAS) 36 - ға сәйкес құнсыздану белгілерінің бірі Компания өз қызметін жүзеге асыратын немесе актив арналған нарықта техникалық тұрғыдан, нарықтық, экономикалық немесе заңдық жағдайларда кезең ішінде болған және алдағы келешекте болжанатын Компания үшін теріс әсері бар маңызды өзгерістердің болуы болып табылады.

Активтердің өтелетін құнын бағалаған кезде Компания бағаларды пайдаланып, пайымдаулар жасайды. Бағалар мен пайымдаулар үнемі сындарлы талдауға ұшырайды, басшылықтың өткен тәжірибесіне және басқа факторларға, оның ішінде қалыптасқан жағдайда негіз болып табылатын келешек жағдайларға қатысты үміттерге негізделген. Сонымен қатар, басшылық есептік саясатты қолдану процесін бағалаудан басқа кейбір пайымдауларды да пайдаланады.

2017 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша, Компания «Алатау Жарық Компаниясы» АҚ-дағы (бұдан әрі - АЖК), «Алматы Электр Станциялары» АҚ-дағы (бұдан әрі - АлЭС), «Болат Нұржанов атындағы Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС-дағы (бұдан әрі - ЕГРЭС-1) және «Екібастұз ГРЭС-2 станциясы» АҚ-дағы (бұдан әрі - ЕГРЭС-2) инвестицияларының құнсыздану көрсеткіштеріне талдау жүргізді. Аталған кәсіпорындар экономикалық өзгерістерге неғұрлым сезімтал және Компанияның маңызды еншілес ұйымдары болып табылады.

2017 жылғы 30 маусымдағы талдау нәтижелері бойынша басшылық АЖК мен АлЭС-те инвестициялардың құнсыздану көрсеткіштерін анықтаған жоқ. Көрсеткіштерді талдау кезінде пайдаланылған негізгі фактілер мен болжамдар мыналар болып табылады:

- Өткен жылғы кезеңмен салыстырғанда 2017 жылғы 30 маусымда аяқталған кезеңнің нәтижелері бойынша электр энергиясы және жылу энергиясын сату көлемдерінің артуы;
- Өткен жылғы кезеңмен салыстырғанда 2017 жылғы 30 маусымда аяқталған кезеңнің нәтижелері бойынша жылу энергиясына тарифтердің артуы;
- Электр энергиясын өндіру мен тұтынудағы оң динамика;
- АЖК мен АлЭС операциялық қызметін жүргізетін ҚР-ның оңтүстік аймағында электр энергиясын өндіру тапшылығының орташа мерзімді келешектегі болжанатын өсімі.

2017 жылғы 30 қыркүйектегі жағдай бойынша жүргізілген талдау нәтижелері нақты болып табылады.

ГРЭС -1

2017 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша жүргізілген талдау негізінде Компания басшылығы болжаған орташа тариф деңгейінің азаюы негізгі қаражаттың ықтимал құнсыздануының факторы болып табылады деген шешімге келді.

Компания құнсыздануға қатысты тест өткізу үшін «Активтердің құнсыздануы» ХҚЕС 36-ға сәйкес тәуелсіз сарапшыларды тартты.

Тәуелсіз сарапшы активтерді пайдаланудан, дисконт мөлшерлемелерінен және басқа көрсеткіштерден түсетін болжанатын алдағы түсімдер мен ақша қаражатының ағынына сүйене отырып, ГРЭС-1-дің негізгі құралдары мен материалдық емес активтерінің өтелетін құнын бағалады.

Өтелетін құн пайдалану құндылығы негізінде анықталды. Аталған есепте басшылық бекіткен жаңартылған 2017 жылдан 2026 жылға дейінгі 10-жазғы кезеңге арналған бюджет қаражаты негізіндегі ақша қаражаты қозғалысының болжамы пайдаланылды.

3 Есеп саясатын қолдану кезіндегі маңызды есептік бағалаулар және кәсіби ой-пікірлер (жалғасы)

Келесі кестеде негізгі болжамдар берілді, мұнда құнсыздану бойынша жасалған есеп 2017 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша жаңартылды:

	30 маусым 2017 ж.	31 желтоқсан 2016 ж.
Болжамды тарифтер	Болжамды тарифтердегі өзгерістер төмендегі кестеде көрсетілді	
Болжамды көлемдер:		
Қазақстан	Қазақстанда тұтыну мен сату бойынша болжамды көлем айтарлықтай өзгерген жоқ	
Экспорт *	2017 – 2026 жж.-да 41,345 мың МВтс	2017- 2025 жж.-да үшін 8,700 мың МВтс
Қуат	258,596 МВт	220,734 МВт
Болжамды кезеңнен кейінгі өсу қарқыны	2.8%	4.0%
Дисконттау мөлшерлемесі	11%	12%

*Экспорт бойынша болжамды көлемнің артуы Ресей Федерациясына экспортты жаңғыртуға байланысты

Болжамды тарифтер

	2017	2018	2019	2020	2021	2022	2023	2024	2025	2026
Электрге орташа тариф (1 кВт.с үшін теңге):										
2017 ж. 30 маусымда	6.4	7.0	7.0	7.2	7.4	7.8	8.1	8.5	9	9.4
2016 ж.										
30 желтоқсанда	7.6	7.9	7.4	7.5	7.5	7.9	8.3	8.7	9.7	-

Пайдалану құндылығын есептеу үшін қолданылған бағалау техникасы 2016 жылы 31 желтоқсанда қолданылған әдістерге сәйкес келеді.

Егер капиталдың орташа құны 1%-ға артса, негізгі құралдардың жалпы әділ құны 65,407 мың теңгеге азаяды, алайда бұл ГРЭС-1-дегі инвестициялардың құнсыздануына әкеп соқпайды.

Сәйкесінше, 2017 жылғы 30 маусымдағы негізгі құралдар мен материалдық емес активтердің өтелетін құны олардың теңгерімдік құны 522,111,000 мың теңге болғанда 601,932,000 мың теңгені құрады. Осылайша, 2017 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша, ЕГРЭС-1 негізгі құралдарының құнсыздануына жүргізілген тестілеу нәтижелері бойынша негізгі құралдардың құнсыздануы анықталған жоқ. 2017 жылғы 30 қыркүйектегі жағдай бойынша ЕГРЭС-1-дің таза активтері 415,376,606 мың теңгені құрағанын және Компанияның жеке қаржылық есептілігіндегі тиісті инвестициялардың теңгерімдік құны айтарлықтай артқанын ескеріп, Компания басшылығы ЕГРЭС-1-ге салынған инвестициялардың құнсызданбағаны туралы қорытындыға келді.

2017 жылғы 30 қыркүйектегі жағдай бойынша жүргізілген талдау нәтижелері нақты болып табылады.

ЕГРЭС-2-ге салынған инвестициялар

Жүргізілген бағалау нәтижелері бойынша, Компания басшылығы болжамды сату көлемін қайта қарау мен орташа тариф деңгейінің қысқаруы ЕГРЭС-2-дегі инвестицияның құнсыздануының индикаторлары болып табылады деген қорытындыға келіп, 2017 жылдың 30 маусымына негізгі құралдар мен материалдық емес активтердің өтелетін құнының бағасын жаңартуды шешті. Бұл кәсіпорын Компанияның маңызды және макроэкономикалық өзгерістерге неғұрлым сезімтал кәсіпорыны болып табылады. ЕГРЭС-2 ұлттық маңызы бар, электр энергиясын өндіретін жылу электр станциясы болып табылады. Сәйкесінше, Компания басшылығы аталған активтің құнсыздануына тест жүргізу туралы шешім қабылдады.

Компания «Активтердің құнсыздануы» ХҚЕС 36-ға сәйкес өткізілген құнсыздануға қатысты тест өткізу үшін тәуелсіз сарапшыларды тартты.

Тәуелсіз сарапшы активтерді пайдаланудан болашақта түсетін алдағы түсімдер мен ақша ағынына сүйене отырып, дисконт мөлшерлемелерінен және басқа көрсеткіштерден ЕГРЭС-2-нің негізгі құралдары мен материалдық емес активтерінің өтелетін құнын бағалады.

3 Есеп саясатын қолдану кезіндегі маңызды есептік бағалаулар және кәсіби ой-пікірлер (жалғасы)

Өтелетін құн пайдалану құны негізінде анықталды. Аталған есепте басшылық бекіткен жаңартылған 2017 жылдан 2025 жылға дейінгі 8-жылдық кезеңге арналған бюджет қаражаты негізіндегі ақша қаражаты қозғалысының болжамы пайдаланылды.

Құнсыздануға қатысты тест нәтижесінде ЕГРЭС-2 негізгі құралдары 15,464,161 мың теңге сомасына құнсызданды.

Сөйкесінше, құнсыздану нәтижелері бойынша ЕГРЭС-2-нің таза активтері 2017 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша 50,228,850 мың теңгені құрайды және Компанияның тиісті инвестицияларының теңгерімдік құнынан елеулі артық. Компания басшылығы ЕГРЭС-2-дегі инвестициялардың құнсызданбағаны туралы қорытынды шығарды.

2017 жылдың алты айы ішінде құнсызданудан болған залалды тануға алып келген негізгі оқиғалар:

- төмен тарифтер бойынша орталықтандырылған сауда-саттық арқылы электр энергиясын сату үлесінің артуына байланысты орташа өлшемді тариф деңгейінің төмендеуі;
- электр энергиясын тұтыну көлемінің болжамдарын қайта қарауға байланысты электр энергиясын өндіру мен сату көлемінің өзгеруі.

Негізгі құралдар мен материалдық емес активтердің өтелетін құнына қатысты негізгі болжамдар төменде көрсетілген:

Электр энергиясына белгіленген тарифтер

Активтердің өтелетін сомасын есептеу үшін басшылық электр энергиясына мынадай тарифтерді қолданды:

- 2017-2018 жылдарға арналған тариф 1 кВт.с. үшін 6,89 теңгеге тең, бұл 2017 жылы электр энергиясын сатуға белгіленген нақты тарифті білдіреді және Энергетика министрлігі бекіткен, 2017-2018 жж.-ға белгілеген 1 кВт.с. үшін 8,8 теңге мөлшеріндегі шекті тарифтен аспайды.
- Кейінгі кезеңдер үшін орташа өлшемді тарифтер былайша берілді:

	7м.2017	2018	2019	2020	2021	2022	2023	2024	2025
Электрге белгіленген тариф (1 кВт.с. үшін теңге)	6.90	6.27	6.98	7.36	7.68	8.04	8.40	8.76	28.75

Тариф болжамы басшылықтың 2020 жылы №3 энергия блогын салу жобасын жаңартуға байланысты үміті негізінде жасалды. 2025 жылы тарифтің айтарлықтай өсуі күтіліп отырған №3 энергия блогын пайдалануға беруге және Қазақстан Республикасындағы электр қуаты нарығын іске қосуға орай тариф белгілеу құрылымының өзгеруіне байланысты. Қазақстан Республикасының «Электр энергетикасы туралы» Заңына сәйкес, ЕГРЭС-2-нің электр қуатын сатуға жеке тариф белгілеуге мүмкіндігі бар. Жеке тариф белгілеу қуаты 630 МВт болатын №3 энергия блогының құрылысын аяқтаған жағдайда және уәкілетті органмен инвестициялық келісім жасаған кезде ғана мүмкін болады. ЕГРЭС-2-нің операциялық шығындарын қоспағанда жеке тарифті есептеу №3 энергия блогының құрылысын аяқтау үшін алынған қарыздар бойынша міндеттемелерді өтеудің инвестициялық құрамдасымен байланысты шығындарды жабуға арналған қажетті шаманы ескереді.

Электр энергиясына белгіленген тарифтер бойынша жоғарыда аталған көрсеткіштер 10%-ға азайған жағдайда негізгі құралдардың өтелетін сомасы олардың теңгерімдік құнынан 50,094,631 мың теңгеге аз болады, сөйкесінше, Компанияның ЕГРЭС-2-ге салған инвестициясы да 8,658,024 мың теңгеге аз болады.

3 Есеп саясатын қолдану кезіндегі маңызды есептік бағалаулар және кәсіби ой-пікірлер (жалғасы)*Электр энергиясын өндіру және сату көлемі*

Өтелетін құнды есептеу үшін №3 энергия блогынан өндірілетін/сатылатын электр энергиясының болжамды көлемі және құрылысты аяқтау үшін қажетті тиісті инвестиция ескерілді. ЕГРЭС-2 өтелетін активтер сомасын есептеу үшін электр энергиясы мен қуатын сатудың мынадай көлемін пайдаланды:

	7 ай 2017	2018	2019	2020	2021	2022	2023	2024	2025
Электр энергиясын өндіру көлемі (кВт.с. миллионмен есептегенде)	2.675	5.010	5.801	6.001	6.101	6.101	6.101	6.101	6.184

Басшылық №3 энергия блогын пайдалануға бергенге дейін болжамды кезең ішіндегі өндіру және сату көлемі тұрақты болады деп болжайды. ЕГРЭС-2 2025 жылы №3 энергия блогын іске қосуды күтуде және 2025 жылдан бастап болжамды кезең ішінде №3 энергия блогы мен №1 және №2 энергия блоктарының арасында электр энергиясын өндіруді тең бөлуді болжамдап отыр. Басшылық болжамды кезең ішінде электр энергиясын сатудың көлемі тұрақты болады деп күткенімен, 10% мөлшерінде рұқсат етілетін шектегі көлемнің азаюы ЕГРЭС-2-нің негізгі құралдарының 21,180,283 мың теңгеге құнсыздануынан шығынның ұлғаюына алып келеді, бірақ ЕГРЭС-2-дегі жеке есептілікте Компания инвестицияларының құнсыздануына әсер етпейді.

2017 жылғы 30 қыркүйектегі жағдай бойынша жүргізілген талдау нәтижелері нақты болып табылады.

3 Есеп саясатын қолдану кезіндегі маңызды есептік бағалаулар және кәсіби ой-пікірлер (жалғасы)

Дисконттау мөлшерлемесі

12,94%-ға тең дисконттау мөлшерлемесі ЕГРЭС-2-ге тән тәуекелдердің ағымдағы нарықтық бағасының көрінісін ескере отырып есептелді және сала үшін капиталдың орташа өлшемді құны негізінде бағаланды. Болашақта салаға тән өзгеріп отыратын тәуекелдерді және капиталдың орташа өлшемді құнын көрсету үшін дисконттау мөлшерлемесінің әрі қарайғы өзгерістері қажет болады. Дисконттау мөлшерлемесінің 1%-ға артуы ЕГРЭС-2-нің негізгі қаражатының құнсыздануы залалдың 12,131,267 мың теңгеге артуына алып келеді, бірақ Компанияның ЕГРЭС-2-ге салған инвестициясының жеке есептілікте құнсыздануына ықпал етпейді.

2017 жылғы 30 қыркүйектегі жағдай бойынша жүргізілген талдау нәтижелері нақты болып табылады.

Балқаш ЖЭС

«Балқаш ЖЭС құрылысы» жобасы (бұдан әрі - Жоба) Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Корея Республикасының Үкіметі арасында қол қойылған үкіметаралық келісім аясында іске асырылуда. 2011 жылы қол қойылған келісім электр станциясын қаржыландыру, жобалау, салу, пайдалануға беру және техникалық қызмет көрсету саласындағы экономикалық ынтымақтастықты қамтиды.

«Балқаш ЖЭС» АҚ (бұдан әрі - БЖЭС) акционерлері Samsung C&T Corporation (бұдан әрі - Samsung C&T немесе Samsung C&T Corporation) және «Самұрық-Энерго» АҚ болып табылады, сәйкесінше, 2017 жылғы 30 қыркүйектегі жағдай бойынша, қатысу үлестері 50% + 1 акцияны және 50% - 1 акцияны құрайды. Компания 2008 жылы акционерлік қоғам ретінде құрылды. 2012 жылы маусымда «БЖЭС» АҚ мен Samsung Engineering қуаты 1320 МВт Балқаш ЖЭС-ін жобалау, жеткізу және салуға келісімшарт («ЕРС») жасады. «Samsung Engineering Co. Ltd» мен «Samsung C&T Corporation» ЕРС бойынша бірлескен кәсіпорындардың қатысушылары болып табылады.

Жобаның табыстылығы 2014 жылы 19 маусымда БЖЭС пен «KEGOC» АҚ (электр желілерін басқару жөніндегі компания және Қазақстан Республикасы бірыңғай электр энергетикалық жүйесінің ұлттық операторы) арасында жаңадан пайдалануға енгізілетін өндіруші қондырғылардың электр қуатын өзірлікте ұстап тұру жөніндегі қызметті сатып алуға жасалған ұзақ мерзімді шарт (бұдан әрі – ҚСШ) арқылы қамтамасыз етілді, мұнда тарифтер АҚШ долларымен көрсетілген.

2012 жылы 14 ақпанда «Самұрық-Энерго» АҚ мен Samsung C&T «Балқаш ЖЭС» АҚ акцияларына қатысты опциондық келісімді» жасасты. Аталған келісімге сәйкес, Samsung C&T БЖЭС акцияларын сату опционына ие, бұл Samsung C&T егер Үкіметаралық келісімді ратификациялауға, ҚСШ-ны жасау мүмкіндігін қамтамасыз ететін заңдарды қабылдауға қатысты опциондық келісімдердің тиісті талаптары орындалмаған жағдайда, сонымен қатар жобалық қаржыландыруды тарту үшін жеткілікті талаптары бар ҚСШ-ны уақытылы жасамаған жағдайда опционды пайдалану құқығы бар.

2016 жылдың тамызына дейін «Самұрық-Энерго» АҚ мен Samsung C&T акцияларды сатуға опцион шарттарын бірнеше рет ұзартты.

Қарыз арқылы қаржыландыруды ұйымдастыру мақсатында жобаның әлеуетті кредиторлары халықаралық жобалық қаржыландыру тәжірибесіне сәйкес, инвесторлардың құқықтары мен мүдделерінің қорғалуын қамтамасыз етуді талап етеді.

Жобаны қолдау топтамасының келісілген нұсқасының болмауынан 2016 жылы 31 тамызда SAMSUNG C&T «Самұрық-Энерго» АҚ-ға Опциондық келісімшартқа сәйкес акцияларды сату опционын орындауға мүдделі екені туралы хабарлама жіберді.

Жоба бойынша қаржыландырудың болмауына байланысты 2016 жылы 31 тамызда Samsung Engineering Co. Ltd сондай-ақ БЖЭС-ке ЕРС келісімшартын бұзатыны туралы хабарлама жіберді.

Опциондық келісімнің шарттарына сәйкес, опционның құны Samsung C & T Corporation-ның Опцион акцияларын сатып алу бойынша төлемнің, күрделі қаржы жұмсалымының жалпы сомасына және дивидендтер мен Samsung C&T Corporation-ге тиесілі акциялардан алған басқа да төлемдерді шегергендері Samsung C&T Corporation-нің заемдары бойынша қарыздың сомасына тең. 2017 жылдың 30 қыркүйекте БЖЭС-тері Samsung C&T акционерлік капиталының баланстық құны 32,085 млрд теңгені құрайды, ал Samsung C&T-дің аударылған қаржылардың сомасы 192 млн АҚШ долларын құрады.

Samsung C&T-дан хабарлама алғаннан кейін «Самұрық-Энерго» АҚ мен Қазақстан Үкіметі 2016 жылғы қазаннан бастап қазіргі кезге дейін мәселені реттеу бойынша бірқатар шараларды қабылдады.

3 Есеп саясатын қолдану кезіндегі маңызды есептік бағалаулар және кәсіби ой-пікірлер (жалғасы)

Оңтүстік Қазақстандағы энергетикалық жүйенің сенімділігін қамтамасыз ету үшін Жобаның стратегиялық маңызын назарға ала отырып, ҚР Үкіметі Samsung C&T-мен келіссөздерді жалғастыруды мақұлдады.

Атап айтқанда, ҚР Үкіметі мен ҚР мемлекеттік органдары және Samsung C&T Жобаны әрі қарай іске асыру мәселелерін талқылау үшін бірқатар кездесулер өткізді. Тараптар белгіленген тәртіппен жобаны қаржыландыру үшін қолайлы шарттар белгіленген Үкіметтің қолдау көрсетуі туралы хат жобасы ұйымдастырылатын болады деп келісті.

2017 жылдың 28 ақпанында Samsung Engineering Co. мен Samsung C & T жобаны жалғастыру туралы келіссөздер нәтижесінде EPC-шартын тоқтату хабарламасын кері шақырып алды.

Алайда Қазақстан тарапынан қолдауат уақытында ұсынылмағандықтан, 2017 жылдың 29 сәуірінде Samsung Engineering Co. Ltd 2017 жылдың 28 ақпанындағы EPC-шартын тоқтату хабарламасын шегеру бұдан былай әрекетсіз екенін БЖЭС-қа жеткізді.

Қазіргі уақытта, электр станциясын салу жөніндегі барлық жұмыстар тоқтатылды.

Компанияның басшылығы Компания мынадай факторлардың негізінде Samsung C & T-мен одан әрі бірлескен қызмет пен құрылыс жұмыстарын жалғастыру үшін қажетті қолдау алады деп санайды:

- Энергиятұтыну болжамына сәйкес, Оңтүстік аймақтар болашақта электр энергиясының тапшылығына тап болады;
- Балқаш жылу электр станциясын салу жобасы Қазақстан Республикасы мен Корея Республикасы арасындағы үкіметаралық келісімнің негізгі мәні болып табылады;
- Қазақстан Республикасының Үкіметі, жобаны қолдау үшін 2018 - 2039 жылғы кезең үшін электр энергиясын өндіруші қондырғылардың қуаттылығын қамтамасыз ету мақсатында, болашақтағы тарифтерді АҚШ долларымен белгіледі.

Сәйкесінше, Компания басшылығы, келіссөздер бойынша қазіргі бірлескен кәсіпорын шеңберінде жоба барынша қайта жалғастырылуы мүмкін және АҚШ долларымен белгіленген тарифтертерді қоса алғанда ҚСШ шарттары инвестицияларды өтеуге жеткілікті ақша ағынымен қамтамасыз етеді, ал опционға қатысты ресурстардың жылыстауы болмашы ғана деп санайды.

Жоғарыда айтылғандар негізінде Компания басшылығы қысқартылған жеке аралық қаржылық есептілікті бекіткен күнгі жағдай бойынша, Компанияның «БЖЭС» АҚ-ға салған инвестициясының құнсыздануын көрсетудің, сонымен қатар жобаға, оның ішінде Samsung C&T ұсынған опционға байланысты қосымша міндеттемелерді есептеудің қажеттілігі жоқ деп болжайды. Оның үстіне Компания басшылығы Қысқартылған жеке аралық қаржылық есептілікке қол қойған күні жобаны жалғастыру талаптарына және жобаны аяқтау мерзімдеріне қатысты анықтықтың болмауын, сәйкесінше олардың Компанияның қызметіне және осы қысқартылған жеке аралық қаржылық есептілікке тигізетін әсерінің деңгейін бағалау мүмкін еместігін атап өтеді.

4 Байланысты тараптармен есеп айырысу және жүргізілген операциялар

Байланысты тараптар анықтамасы ҚЕХС (IAS) 24 «Байланысты тараптар туралы ақпаратты ашу» келтіріледі. Әдетте бір тараптың екіншісін бақылау мүмкіндігі болған жағдайда, ортақ бақылауда болғанда немесе бір тарап қабылдаған қаржылық және операциялық шешімдерге маңызды ықпал ете алатын немесе бірлескен бақылау жүргізетін жағдайда тараптар байланысты деп есептеледі. Тараптар байланысты болып табылатындығы туралы мәселені шешу кезінде тараптардың заңды нысаны ғана емес, олардың өзара қарым-қатынасының сипаты да назарға алынады. Негізгі компания және Компанияның соңғы бақылаушы тарабы 1-ескертпеде ашылған.

Байланысты тараптар Самұрық-Қазына бақылауындағы компанияларды қамтиды. Мемлекеттік компаниялармен операциялар, егер олар барлық қоғамдық және жеке компанияларға дәйекті түрде қолданылатын талаптарға сәйкес қарапайым қызмет барысында жүзеге асырылатын болса, ашып көрсетілмейді: i) олар дербес маңызды болып табылатын жағдайда; ii) егер Компания қызметтері барлық тұтынушыларға қолжетімді стандартты жағдайда ұсынылатын болса, немесе iii) электр энергиясын беру, телекоммуникациялық қызметтер және т.б. секілді қызметтер бойынша жеткізушіні таңдау болмаған жағдайда.

Компания операцияларды жүзеге асырған немесе 2017 жылғы 30 қыркүйектегі және 2016 жылғы 31 жетоқсандағы жағдай бойынша шоттар бойынша қалдықтары бар байланысты тараптармен өзара іс-қимыл сипаты, төменде көрсетілді.

4 Байланысты тараптармен есеп айырысу және жүргізілген операциялар (жалғасы)

Төменде 2017 жылдың 30 қыркүйектегі жағдай бойынша байланысты тараптармен жүргізілген операциялар бойынша өтелмеген қалдықтар берілген:

Қазақстан теңгесімен, мың	Ескертпе	Акционер	Жалпы бақылаудағы компаниялар	Еншілес және бірлескен кәсіпорындар
Еншілес компанияларға берілген қарыз	-	-	-	5,956,242
Дебиторлық берешек	-	-	-	-
Өзге де қысқа мерзімді активтер	-	-	1,374	-
Акционердің пайдасына өзге активтер	1,096,605	-	-	-
Өзге де ұзақ мерзімді активтер	-	-	-	1,334,531
Алу үшін берілген қарыздар бойынша сыйақылар	-	-	-	596,844
Алуға арналған дивиденттер	-	-	-	-
Байланысты тараптардың бағалы қағаздары	226,479	-	-	8,144,732
Өзге де кредиторлық берешек және есептелген міндеттемелер	-	-	-	20,304,716
Кредиторлық берешек	-	-	-	164,261
Қарыз алған Акционердің алдындағы міндеттеме	1,174,065	-	2,936	-
Қарыздар	-	-	-	-
	58,969,261	-	-	28,165,278

